

## № 5 дәріс

**Тақырыбы:** Асан Қайғы Сәбитұлы өмірі мен шығармашылығы

### Негізгі сұрақтар:

1. Асан қайғы шығармаларының зерттелуі, тақырыптық-идеялық ерекшеліктері
2. Асан қайғы және аңыз

### 1. Асан қайғы шығармаларының зерттелуі, тақырыптық-идеялық ерекшеліктері

Асан қайғы (Хасан) Сәбитұлы 14 ғасырдың ақыры – 15 ғасырдың басында өмір сүрген мемлекет қайраткері, ақын, жырау, би, философ. Өз Жәнібек ханның ақылшысы болған. Әкесі Сәбит Арал өңірінің Сырдария жағасын мекен еткен. Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, «Жеті әулие» қорымындағы Асан ата кесенесі – Асан Қайғы мазары делінеді. Оның өмір сүрген тұсы Алтын орда және қазақ халқының қалыптасу кезеңіне сай келеді.

Асанқайғы шығармашылығында негізгі орын алатын қазақ тұрмысының өзекті мәселелерін арқау еткен философиялық-нақылдық жанрлар: толғау, терме, шешендік сөздер болып табылады.

Асан қайғы мұрасын жинақтау, зерттеу зерттеу ХІХ ғасырдың екінші жартысында қолға алынды. Ол жайындағы алғашқы аңыз-әңгімелер «Дала уәлаяты газеттерінде» (Дала уәлаяты, 1897), одан кейін орыс зерттеушісі Г.Н. Потаниннің «Казах-киргизские и алтайские предания, легенды и сказки» атты жинағында (Потанин, 1917), «Асанқайғы» (Лютш, 1883), «Асанқайғының Жерұйықты іздегені» (Қазақ ертегілері, 1957), «Асанқайғының жерге айтқан сындары» (Шешендік сөздер, 1967), «Асанқайғы» (Тургайская газета, 1897), «Асанқайғы» (Крафт, 1890) жарияланды.

Асан қайғы толғаулары «Ертедегі әдебиет нұсқаларында» (1967), «Алдаспан» (1971), «Бес ғасыр жырлайды» (1989), «ХV-ХVІІІ ғасырлардағы поэзия» (1982) және «Он ғасыр жырлайды» (2006), С.Сейфуллиннің «Қазақ әдебиеті» (Шығармалары, 6-том. 1964) жинақтарында жарияланды.

Бүгінгі күнге дейін әдебиеттану ғылымының қалыптасуына үлес қосқан асантанушылар оның өмірі туралы, халық тағдырын бейнелеген шығармашылығы, ел мүддесі мен арман-тілегін білдіруші бейнесі туралы құнды пікірлер айта отырып, Асанқайғыға байланысты рухани мұраны өз еңбектеріне арқау етті. Асанқайғы жайында бірқатар ғылыми мақалалар мен зерттеу еңбектері жазылды.

Бұл орайда Ш.Уәлиханов, Қ. Халид, Х. Досмұхамедов, С. Сейфуллин, М. Әуезов, С.Мұқанов, Е. Ысмайлов, М.Ғабдуллин. Б. Кенжебаев, Х. Сүйіншәлиев, Ә. Қоңыратбаев, Ә. Дербісәлиев, С. Қасқабасов, А.Сейдімбеков, М. Мағауин, Т. Кенжалы, Б.Мамиева сынды зерттеуші, ғалымдардың ғылыми еңбектерінде құнды ой-пікірлер

келтірілген. Сол сияқты башқұрт ғалымы Г.Хусаинов, ноғай ғалымы А. Сикалиев, қарақалпақ ғалымы М. Нурмухамедов, қырғыз ғалымы А.Акматалиев пен

Р. Сарыпбеков зерттеулерінде Асан толғауларының сарыны мен тарихилығы жөнінде ойлары бар.

«Қазақ шешендік өнерінің негіздері» кітабында Асан Қайғы туралы былай дейді: Асанның аты – Хасан, ол жасынан 84 жетімдік көріп, тағдыр тауқыметін көп тартқан, өскеннен кейін де халқының болашағын ойлап, толғанумен мұңды болып жүріпті. Бұл туралы Құрбанғали Халидовтың «Тауарих хамсасында» мынадай мәлімет бар: «Асанның асыл түбі-ноғай, әйгілі Майқы бидің тұқымы. Шын аты Хасан екен, халық оны құрмет тұтып, Асан ата атап кеткен».

Асан ХҮ ғасырда Жәнібек ханның тұсында өмір сүріп, сарай маңындағы ақылшы-ақсақал жыраулардың басы болған. Асан Қайғының атымен байланысты жер аттары Қостанай, Тоғай, Ырғыз бойында өте көп. Қазіргі Ақтөбе облысында «Асан ата» есімінде ескі бейіт бар екен. Асанның өмір сүрген жері қазіргі Ақтөбе облысы екенін анықтай түсетін оның мынадай атақты толғауы бар:

Қырында киік жайлаған, Суында балық ойнаған.

Оймауыттай тоғай елімнің

Ойына келген асын жейтұғын Жемде кеңес қылмадың.

Жемнен де елді көшірдің!

М. Мағауинның «Қобыз сарыны» кітабында былай делінген: Асан Қайғының есімі қазақ сахарасының қай түкпірінде болмасын мәшһүр. Асан Қайғының бір ныспысы – Асан ата. «Таурих хамсаның» авторының «Асан Қайғыны кім деп білесіз?» деген сауалына Құдабай ақын мынадай жауап қайырыпты: Асанның асыл түбі ноғай деймін, Үлкендердің айтуы солай деймін. Бұл сөзге анық қанық емес едім, Естігенім тақсыр-ау бұл-ай жеймін, Алтай, Ертіс, Оралды қылған дүбір. Орманбет хан ордадан шыққан күнде Асан ата қайғырып айтыпты жыр, - дейді.

«Ай, заманай-ай, заман-ай» кітабында былай делінген: «Асан Қайғы атанып кеткен Хасан Сәбитұлы 1361-1370 жылдар аралығында Еділ бойында туса керек. Тарихи аңыздар Асанның әкесі саятшы екен дейді. Революциядан бұрын жасаған қазақ 85 тарихшыларының еңбектеріне қарағанда, Асан Алтын Орда ханы Ұлығ-Мұхамедтің ықпалды билерінің бірі болды. ХҮ ғасырдың 20-шы жылдарында Ұлығ-Мұхамед ордадан қуылғанда Асан Өз әміршісімен бірге кетеді. 1450 жылда Әбілхайыр ұлысындағы тартыс кезінде Керей, Жәнібек сұлтандарды жақтайды. 1456 жылы Шу алқабында Қазақ Ордасы құрылған кезде Асан жаңа мемлекеттің ұраншысына айналды. Аңыздың айтуынша, ақын Сарыарқада-Ұлытауда дүние салыпты».

Асанның нақты қай жылы, қай жерде өлгені белгісіз. Бір мәліметтерде Асан Ата қазіргі Өзбекстан жерінде, Жиделі Байсында дүние салды делінеді. Енді бір аңыздарға қарағанда Асан Ұлытаудың басында қайтыпты. Ал Шоқан Асанның зираты Ыстықкөлдің маңында тұр деп

жазады. Ақынның қанша жасағаны да белгісіз. Бір аңызда Асан 95 жасқа келген қарт, енді бір аңызда оның жасы 120-да еді делінеді.

Жұрт санасынан орын алған Асан – ел бақытын, халық тыныштығын ойлаған дана қария.

«Ай, ағамыз, ағамыз, Болдың бізге панамыз,  
«Ноғайдың жетім-жесірін, Қойдай айдап сен бақтың,

Аш-арық болған ноғайға Пана болып, оларға Тамақ беріп жем таптың! – дейді ер Тоған Асан Қайғыға Мұрын жырау жырлаған «Қырымның қырық батырында».

М. Әуезов: «Асан аңызындағы халық мүддесімен қабысатын Асан емес, хан сарайының ақылшы, сыншы, санашылы болған Асан. Құладынға ку ілдіргенің жаман ырым, қала салғаның жаман қылық деп сынап шенейді. Мұндағы Асан кертартпа феодалдық заңның санашылы болып шығады. Саны аз болғанмен Асанның Жәнібекке айтты деген сөзі және кейін Бұқар шешетін, Асаннан басқа бөлек жат саналы адамды танытады», - деген екен.

Асанның шын аты – Хасан Майқы бидің алтыншы ұрпағы «Ымыраға келу» теориясын ұсынған. Кейінгі ұрпақ әулие танып, аңыз кейіпкеріне айналдырған, ал Ш. Уалиханов «Көшпенділер философы» атаған Асан Қайғы Өз заманының үлкен ойшылы еді. Ол көптеген нақыл сөздерін, афористік, философиялық толғаулардың авторы. Асан сөзінің бәрі дерлік – ойлы нақылдар.

Асан Қайғының философиялық дүниетанымы 3 бағытқа бөлінеді:

1. Этикалық дүниетаным – ұлы жыраудың философиялық ойларының өзегін құрайды. Адам, адамшылдықтың басты қасиеттері, олардың мәні мен сипаты жоғары имандылық деңгейінде қарастырылады. Поэтикалық формамен берілген этикалық ұғымдар, түсініктер, қағидалар Шығыс Өркениетіне тән ерекшелігімен сабақтастық тауып, адамгершіліктің алуан қырлы болмысын айқындайды.

2. Поэтикалық зерде және философияның қазақ дүниетанымында егіз ұғым екенін жырау Өз толғаулары арқылы дәлелдеп береді. Адам Өмірінің мәні, мақсаты, Өлімнің растығы, дүниені тану мәселелері – Асан Қайғы философиясының басты бағыттары.

3. Асан Қайғы гуманизмі, адамға деген сүйіспеншілігі, тарихи сана арқылы түркі халықтарының жадында сақталған.

Аңыздардың және кейбір зерттеушілердің айтуынша Асанның әкесі Сәбит ұзақ жасаған, он сегіз мың ғалам, құс, жан-жануардың тілін білетін, өзі көріпкел әулие, атақты саятшы болған. Ол баласы Асанды ес білгеннен осындай қасиеттерге баулып өсіреді. Сондай өнегелі, ұлағатты тәрбие көрген Асан жас кезінен-ақ туған халқынын қамын, оның келешекте ірі де, іргелі ел болу жағын ойластыра бастайды. Сондықтан да ол жас болса да хан, сұлтан, би, бектермен бірге жүріп, оларға ақыл қосысады, ой-пікір жарыстырып, тайталасып ержетеді. Бозбала кезінен-ақ ол ақындық-жыраулық, шешендік, тапқырлық өнерді жете меңгереді. Ел, жер дауын, әдет-ғұрып мәселесін шешерде оның ақылдылығы, алғырлығы, кесімді, шешімді билік сөздері өзге би, шешендерден үстем боп шыға береді

Асан Қайғы заманында Алтын Орда ыдырап, оның орнына Қырым, Қазан, Өзбек хандықтары пайда болды. Ноғай ордасы тарап, Қазақ хандығының тарих сахнасына шығуы хандықтар арасындағы қым-қиғаш талас-тартысты аласапыран кезеңмен тұспа-тұс келді. Кейінгі ұрпақ әулие танып, аты аңызға айналған «көшпелілер философы» (Ш. Уәлиханов) атанған Асан Қайғы «өзінен қалған қысқа сын болжаулары, өсиеті арқылы өзінің жайынан да, заман аңғарынан да бірталай көрініс, білік-дерек береді» (М.Әуезов).

Асан қайғы толғауларынан жол нұсқау, ақыл-кеңес беру үлгісіндегі әрекет басым сезіледі. Осы жәйттерге назар аударар болсақ, Асан қайғының бізге белгілі жыртолғаулары айтылған кезеңде жыраудың жасы ұлғайып, белсенді әрекеттен қала бастағанын, сол себепті өмірден көрген-түйгендерін ұлағат ете және салиқалы ақыл-ойға ден қоя ұсынғанын байқаймыз. Жыраудың ішкі мазмұны динамикаға толы жырларының өзінде бітімге бейімділік, тыныштықты алдыңғы орынға қою сияқты мақсаттардың жетекші мән иеленуінің бір сыры осында жатса керек. Оның жыр-толғауларының:

Еділ бол да, Жайық бол, Ешкімменен ұрыспа.

Жолдасыңа жау тисе, Жаныңды аяп тұрыспа.

Ердің құны болса да,

Алдыңа келіп қалған соң,

Қол қусырып барған соң,

Аса кеш те, қоя бер,

Бұрынғыны қуыспа...— деген үлгіде келуінің өзі толғау иесінің ақыл-ойға кемел жасқа келгендігін, адам өмірінің мәніне парасат арқылы ден қоятынын танытады.

Асан қайғы туындыларының мазмұны мен сол туындылардың әрқайсындағы ойтүйіндерді басшылыққа алсақ, оның жыр-толғауларын тарихи оқиғалармен сабақтастыра, іштей үш кезеңге жіктей тануға келеді. Бірінші кезең қазақтардың ноғайлы жұртынан ірге ажырата, өз мемлекетін құруға бет түзеген алғашқы жылдарымен орайласса, екінші кезең Қазақ хандығының өзіндік саяси бағыт-бағдарын белгілеуге, айналадағы жұртқа дербес ел ретінде танылуға ұмтылыс жасалған жылдармен айқындалады, ал үшінші кезең хандықтың біршама нығайып, ендігі кезекте ішкі тірлігін тиянақтау, елдің өз ішіндегі түрлі сипаттағы қарым-қатынастар мен байланыстардың жөн-жобасын қалыптастыру жолдарын нақтылай бастаған жылдарын танытады.

Асан қайғы жырларына осы тұрғыдан зейін аударсақ, оның жыр-толғауларынан сол уақыттың тіршілік тынысын, ел ішінде көріне бастаған кейбір қайшылықтарды, елдің көңіл ауанын, бойға дарытқысы келетін және бойдан арылтқысы келетін мінездері мен міндерін көрер едік. Жыраудың алғашқы кезеңге тән жыр-толғауларын «Қырында киік жайлаған...» және «Құйрығы жоқ, жалы жоқ...» деп басталатын шығармалары құрайды.

Асан қайғының ел мен жер қадірі, ел мен жер алдындағы Ер парызы хақында кеңінен қамти жырлаған туындысы – «Қырында киік жайлаған...»

толғауы. Жалпы мәтінге қарай отырып, бізге дейін толық көлемде жетпегенін аңғаруға болатын бұл толғаудың баршаға белгілі нұсқасы:

...Қырында киік жайлаған,  
Суында балық ойнаған,  
Оймауыттай тоғай егіннің  
Ойына келген асын жейтұғын

Жемде кеңес қылмадың,

Жемнен де елді көшірдің... – деп басталатыны мәлім. Осы үзіндідегі соңғы тармаққа назар аударсақ, бұл шумақтың алдында бізге белгісіз шумақтар болғанын байқаймыз. Дегенмен, кейінгі шумақтарға сүйене отырып, аталмыш толғаудың жалпы құрылымы қалай түзілгенін пайымдауға болады. Яғни әр шумақта әуелі нақтылы бір жердің ерекше қадір-қасиеті бейнелене келіп, шумақ түйінінде сол жерге тұрақтай алмаған ел билеушісіне деген жырау реніші ашық айтылады.

Бұдан кейінгі шумақтарда жырау Ойыл мен Еділ бойын сипаттай келіп:

...Екі семіз қолға алып,

Ерлер жортып күн көрген Еділ деген қиянға, Еңкейіп келдің тар жерге.

Мұнда кеңес қылмадың.

Кеңестің түбі нараду... – деп түйеді.

Үзіндінің соңғы екі жолынан анық көрінетіндей, Асан қайғының реніш-наразылығы бір жерге тұрақтамай, көше беруге байланысты ғана туындамаған. Жырау наразылығы жеке бастың қамынан туған реніш емес, ата қонысқа ие болып отырудың жолдарын ортаға салар алқалы кеңес болмағанына, ақылдасқанның өзінде, ел тірлігіне ықпалды жандардың ортақ бәтуаға келісіп, ортақ тіл табыса алмай жүргеніне қатысты туған, ел тағдырына алаңдаудан туған әрекет.

Ел күйіне алаң Асан қайғы ел тізгінін ұстағандарға ренішін білдірумен, кемшілігін бетке айтумен ғана шектелмейді, көргені мен түйгені мол парасат иесі болғандықтан, әрі халыққа да, ханға да сөзі өтімділігін сезінгендіктен және өзінен сол жұрттың салықалы ой күтетінін түсінгендіктен, ендігі жерде ел көңіліндегі алаңды тарқату үшін не істеу қажеттігін де, сол әрекетті жасаған жағдайда нені мақсат ету керектігін де айқындай көрсетеді. Жыр түйінінде жыраудың:

...Еділ менен Жайықтың

Бірін жазға жайласаң,

Бірін қысқа қыстасаң,

Ал қолыңды маларсың

Алтын менен күміске!.. – деп кесіп сөйлеуі сондықтан. Демек, жырау мақсаты – ата қонысты қолда ұстау. Өйткені қарт жырау ата жұртты қайырлы қонысқа айналдырғанда ғана, ел тірлігіне құт-береке кіреді деп түсінеді.

Қазақ хандығының алғашқы кезеңінде ел мен елдің бөлінуін өз көздерімен көріп, әрекет ортасында болған Асан қайғы күні кеше бір хандық аясында тірлік кешкен жұрттың ендігі жерде бөлінуі қажеттігін қапысыз түсініп жыр-толғауларында құтты қоныс – Жерұйық идеясының

жетекші маңыз иеленуінің бір ұшы да осы тұста жатса керек.

Асан қайғының ел ішінде кең танымал сөздерінің бірі – «Құйрығы жоқ, жалы жоқ, құлан қайтіп күн көрер...» деп басталатын толғау. Жыраудың елге белгілі бұл сөздері ұзақ толғаудың бір үзігі болуы да ықтимал. Десек те, жорамал жетегінде кетпей, қолда бар мәтінге сүйене отырып, жыраудың ой-мақсаты жайында ой өрбітіп көрелік.

Риторикалық сауал үлгісінде келетін бұл толғаудың төрт жолы бірдей құрылымда, яғни жоғарыда берілген алғашқы тармақтың үлгісін сақтай отырып, берілген. Осы бір ғана шумақты екі түрлі оқып, екі түрлі мағынада қабылдауға болады. Бұл үшін әр тармақты іштей логикалық екі бөлікке бөле оқып, мағыналық өзгерістеріне назар аударған абзал. Осылай еткен жағдайда бұл толғау мынадай үлгіде көрінеді: Құйрығы жоқ, жалы жоқ, құлан қайтіп күн көрер, Аяғы жоқ, қолы жоқ, жылан қайтіп күн көрер? Шыбын шықса, жаз болып, таздар қайтіп күн көрер, Жалаң аяқ балапан, қаздар қайтіп күн көрер?.

Әр тармақтағы логикалық бөлікке логикалық екпіннің қалай түсуіне байланысты тармақ мағынасы өзгереді. Бірінші жағдайда тармақтардың алғашқы бөлігі (қарайта берілген тіркестер) нақты объектіге тікелей қатысты проблеманы көрсетіп, тұтастай көркемдік мазмұнға пессимистік бояу үстейді. Толғаудың пессимистік мәнде қабылдануының тағы бір себебі – «қайтіп күн көрер?» деген сауалмен аяқталуы. Осыған орай, шығарманы тығырыққа тірелген жыраудың жан айғайы іспетті қабылдауға болады және осылай қабылдап та жүрміз.

Асан қайғының бүгінге дейін жеткен толғаулары қатарынан қазақ пен ноғай бөлінген жылдар еншісіндегі шығармаларына тән сипаттар ретінде ата жұрттан қоныс аударған ел көңіліндегі алаңдаушылық, қимастық, сағыныш, реніш сезімдерінің, сондай-ақ, елдің ертеңгі күнінің жақсы боларына деген сенімділіктің көрініс табуын айтуға болады. Жырау шығармаларынан танылатын мұндай көңіл күйлері оның өзіне де тікелей қатысты болғаны хақ.

Ал жыраудың бұдан кейінгі кезеңдегі іс-әрекеттерінің қандай бағытта өрістерін ел ертеңіне деген кәміл сенімділік айқындаса керек. Бұл орайда жырау шығармашылығының екінші кезеңі ретінде Жәнібек хан ел тізгінін қолға алған жылдардың алғашқы тұсын атауға болады. Бұлай деп тануымызға мүмкіндік беретін негізгі себеп – Асан қайғының өз сөздері.

Мәселен, ол Жәнібек ханға қатысты айтылатын әйгілі толғауында: Ай, хан, мен айтпасам, білмейсің, Айтқанымә көнбейсің. Шабылып жатқан халқың бар, Аймағын көздеп көрмейсің. Қымыз ішіп қызарып,

Мастанып, қызып терлейсің.

Өзіңнен басқа хан жоқтай

Елеуреп неге сөйлейсің?! – деп бастап, одан арғы тармақтарда ханның оғаш қылықтары мен іс-әрекеттерін бетке айтып, өткір сынаитыны белгілі.

Осы арнау-толғауға байланысты айтылған пікірлерде жыраудың ханды сынаит отырып, ақыл-кеңес бергені, елдің жайын, әлеуметтің қамын алға тартқаны және осы жағдайлар негізінде оның ел басқару ісіне белсене

араласқаны айтылып келеді. Мұндай пікірлердің орынды екені анық. Өз тарапымыздан біз айтылған жәйттерді қайталамас үшін толғау мәтінінің көркемдік-идеялық жақтарына назар аударғанды жөн көрдік.

Асан қайғының сынап тұрған әміршісі – ел билігіне келіп-кеткен әлдебір байбатшаның бірі емес, ел тарихында жарқын із қалдырған, дербес елдің іргесін нығайту жолында ерен істер тындырған, сол ерліктері мен еңбектерінің арқасында халық жадында «Өз-Жәнібек» аталып, қасиеттеле ардақталған бірегей хан.

Олай болса, ақылман жыраудың халық қастерлеген ханды аяусыз сынап, сынап қана қоймай, сөз соңында: «Хош-аман бол, Жәнібек, Енді мені көрмейсің!» – деп үзілді-кесілді шорт қайыруының сыры неде? Бұл сұрақтың жауабын: «Асан қайғы Жәнібек ханнан жасы үлкен болғандықтан, батыл-батыл сөйлеген», – деп қайыра салсақ, тым асығыс, тым қарабайыр түйін болмақ. Себебі – толғауда көтеріліп тұрған мәселе адам жасының үлкенкішілігіне тіреліп тұрған жоқ, одан әлдеқайда маңызды, әлдеқайда ауқымды жағдай.

Нақтылай айтқанда, Асан қайғының жанына тыныштық таптырмай тұрған жағдай – ел тағдыры. Осы орайда мәтінге сүйене отырып, толғаудың айтылған уақыты хақында ой түйер болсақ, бұл уақытты XV ғасырдың жетпісінші жылдарының алғашқы ширегі деп шамалауға болады. Себебі – 1471-1480 жылдар аралығында хандық құрған Жәнібек билікке келер тұстың қарсаңында Қазақ хандығы Сыр бойына қайтып оралып, Түркістан аймағының біраз жерін өзіне қаратқан болатын және осы жағдайға байланысты хандық құрамындағы халық саны да өскен еді. Осы жағдайларды ескерсек және ханның да ет пен сүйектен жаралған адам нәсілі екенін назарда ұстасақ, билік тізгінін қолына жаңадан алған ханның масаттанып, масайрауға жол бергенінен еш сөкеттік аңдалмас еді. Алайда, жас хандықтың керегесі біршама кеңейгенімен, нығайып, орныға қоймағанын көзбен көріп жүрген Асан қайғыдай ел жанашыры үшін елдің тізгінін қолға алған ханның, бір сәт болса да, алаңсыз сайранға жол беруі мейлінше қатерлі қылық көрінуі де заңдылық. Ал ел сөзін ұстаған ханның мұндай жағдайда үнсіз қалуы мүлде мүмкін емес. Демек, аталған толғау Жәнібек хан билігінің алғашқы жылдарында айтылуы әбден ықтимал.

Асан қайғының Жәнібекке айтқан толғауындағы ой жеткізу түзілімі үш бөліктен тұрады. «Ай, хан, мен айтпасам, білмейсің...» деп басталып, «...Осыны Асан біледі, Мұны неге білмейсің?» деп аяқталатын алғашқы бөлік ханның іс-әрекеттеріндегі кемшілікқателіктерді сынауға арналса, «...Тіл алсаң, іздеп қоныс көр, Желмая мініп жер шалсам, Тапқан жерге ел көшір, Мұны неге білмейсің?!» деп келетін екінші бөлікте жыраудың дйттеген мақсаты айқын көрінеді. Ал «...Ай, Жәнібек, ойласаң, Қилы-қилы заман болмай ма...» деп басталатын соңғы бөлікте қамсыз тірліктің ақыры ел басына қандай зобалаң боп үйірілуі ықтималдығын көркем бейнелеу тәсілімен астарлай жеткізген. Жалпы, осы толғауда портреттік суреттеуден бастап, астарлау, меңзеу, ишаралау, салыстыру сияқты көркемдеу тәсілдері молынан ұшырасады. Мұндай көркемдік белгілерінің молдығы Асан

қайғының жырау ретіндегі ерекше қасиеттерінің бірі оның суреткерлігі екендігін көрсетеді.

Жыраудың осы кезеңге тән туындыларының бірі – «Бұл заманда не ғаріп?» толғауы. Аталмыш толғауды Жәнібекке айтылған толғаумен тұстас туынды ретінде қарастыруға мүмкіндік беретін себеп – жырда көрініс табатын ел көңіліндегі алаңның жерге, ата жұртқа байланысты болуы. Ал ел көңіліндегі алаңды толғаудағы негізгі мәселе ретінде тануға жол ашып тұрған жәйт – сөз түйінінің осы проблемаға арналуы.

Ой жеткізу барысында дидактикалық шығармаларға тән сөз саптау үрдісі қолданылған бұл толғаудың бастауында жырау өзіне-өзі риторикалық сауал қойып алып, одан кейінгі жолдарда сол сауалдың жауаптарын бірнеше нұсқада ұсынады және жауаптардың барлығы жер мен адам жаратылысына қатысты беріледі.

Жырау толғауына зейін қойсақ, «Ақ қалалы боз ғаріп», «Ел жағалай қонбаса, бетегелі бел ғаріп», «Қаз-үйрегі болмаса, айдын шалқар көл ғаріп» мазмұнында ұсынылған жауаптардан бары мен базары игілікке айналмаған жердің қай-қайсы да қадірінен айырылатынын аңдаймыз. Ал қалған жауаптардың бәрі адам баласының қадір-қасиетіне байланысты. Осы «ғаріптердің» қатарында мына дүниедегі ең ауыр «ғаріптік» ретінде жырау ер жігіттің ата жұртынан қол үзуін ерекше екпін сала көрсетеді. Мұның сыры, бірінші кезекте, дәл осы ауыртпалықтың толғау туған кезеңде ел көңіліндегі аса маңызды проблемамен байланысып жатқаны анық. Дана жыраудың толғау түйінін:

«Ата жұрты бұқара

Өз қолында болмаса,

Қанша жақсы болса да,

Қайратты туған ер ғаріп»] – деп қайыруының өзі Асан қайғы үшін ата қоныстың қаншалықты маңызды болғанын танытады. Ал жырау өз дәуірінің перзенті ғана емес, сол дәуірдің сөзін ұстаушы тұлға болып табылатынына ден қойсақ, дербес хандық аясына ұйысқан қазақ елі үшін де ата жұрттың қаншалықты маңыз иеленгенін бағамдауға болады.

Демек, Асан қайғының аталмыш толғауы жыраулар поэзиясында дидактикалық толғаулардың өнегелі үлгісін негіздеуімен қатар, сол кезеңдегі ел мұратын бейнелеуімен де маңызды.

Ата жұртты ардақ тұтқан, қайырлы қоныста берекелі тірлік кешуді көздеген ел мұраты Асан қайғының бірнеше жыр-толғауының өзекті тақырыбы болып табылады және бұл дүниелерден жырау шығармашылығының үшінші кезеңіне тән сипаттарды тануға болады.

Ел ішінің берекелі болуын, қазақ баласының кемелдікке, ағайынның татулыққа ұмтылуын құптай, әр адамның келеңсіз мінездерден бой тарта, адамгершілік қасиеттерге бой ұра өсіп-өрбуін өнеге ететін «Есті көрсең кем деме...» толғауын ой ұсыну тұрғысынан іштей үш мазмұнға жіктей қарастырсақ, алғашқы жолдан басталып, «...Насихатын алмағыл...» деп түйінделетін бірінші бөлікте жырау әр адамның бойын аулақ ұстағаны жөн болар қажетсіз мінездер мен әрекеттерді айқындай көрсетсе, «Бақыты



оянған ерлердің...» деген жолдан «...Ел ауызына қарасар» деп бітетін тармақ аралығында бағы жанған адамның сын-сипатын бейнелейді, ал соңғы бөлікте бағы жанған адамның бақыты баянды болуы үшін қандай әрекет, мінездерден аулақ болуы қажеттігі кеңес етіледі.

Толғаудың осы үлгіде түзілуінің өзі Асан қайғының қалың ел және елге өнеге болар тұлғалар арасындағы қарым-қатынастың ізгі ниетке негізделуін ерекше құнттағанын байқатады. Ақылман жырау жалпақ елге қарата айтқан сөзінде: Есті көрсең кем деме, Бәрі түйғын табылмас.

Қарындасың жамандап,

Өзіңе туған табылмас... – деп, ғибратты кеңес бере ойландырса да, яки «Бақыты оянған ерлерге»:

Арғымаққа міндім деп,

Артқы топтан адаспа...

Ғылымым жұрттан асты деп,

Кеңессіз сөз бастама...– деп, астамшылықтан аулақ болуға шақырған пікірлерін ашықтан-ашық жеткізсе де, түпкі мақсаты – ағайын мен ағайынның, хан мен қарашының арасында алауыздық тууына жол бермеу, соның нәтижесінде ел ішінде ырзықты тіршіліктің орнығуына жол ашу. Ал толғаудың ашық ақыл айту, жол нұсқап, жөн көрсету үлгісінде келуі де – Асан қайғының елге сөзі өтімді қадірменді жырау болғанына айғақ.

## **2. Асан қайғы және аңыз**

Тарихшылардың айтуынша, Асан Қайғы өмір сүрген заманда бұрынғы Алтын Орда жұртынан бөлініп шыққан хандықтар арасында өзара қайшылақтар көбейе бастаған болатын. Жәнібек бастаған қазақ хандығы ХҮ ғасырдың 60-шы жылдары Әбілқайыр бірлестігінен бөлініп, Шу бойында жаңа хандық құрды. Жаңа құрылған жас хандықтардың жауы да аз болған жоқ. Ел басына төнген осындай ауыр жағдайлардан құтылудың бір жолын Асан Қайғы көшу, қоныс аудару деп түсінеді. Асанқайғы туралы алғаш пікір айтқан – тұңғыш қазақ ғалымы Шоқан Уәлиханов. Ол: «Әйгілі дала философы Асанқайғы Жетісудағы Жырғалаң деген жерде көшіп-қонып жүрген» деп жазады.

Асанқайғы әдеби кейіпкер және шығармашылық тұлға ретінде қазақ пен қырғыздан басқа ноғай, башқұрт, қарақалпақ әдебиетінен орын алған. Асанның әдеби тұлғасы мен шығармашылық болмысын түйіндеп-тұжырымдаған дерек көзіне ден қойып сараласақ, өзінен соңғы ұрпақ әулие танып, «Асан ата» жайлы әрқилы мазмұн, әртүрлі сипаттағы әңгімелер халық арасына кеңінен тараған.

Асан – жаңа хандыққа үлкен үміт артып, қазақ халқының бақытты болашаққа жетуін көксеген, сол хандыққа қазақ руларының түгелдей енуіне күш-жігерін жұмсаған абыз. Асанқайғы елінің ең алдымен, көшпелі өмірге орай малы екі рет төлдейтін ырыс-берекесі мол, шөбі шүйгін, қысы жұтсыз, жазы жайлы мекен болуын, халықтың еркін өмір сүруін аңсады.

Бұл мұратын Асанқайғы «қой үстіне бозторғай жұмыртқалайтын» қоныс, кейде «Жерүйек», енді бірде «Жерұйық», немесе «Жиделібайсын» деп атаған. Ол алты жыл бойы жайлы қоныс қарап, қазақ жерін түгел

аралап шығады, әр қоныс, мекенге сын-баға беріп отырады. Бұл бағалары әлі күнге дейін ел аузында ұмытылмай айтылып келеді. Жыраудың «Жерұйықты» іздеуін зерттеушілер атақты ағылшын гуманисі, утопиялық социализмнің негізін салушылардың бірі Томас Мордың «Утопиясы» мен италияндық философ, жазушы Томмазо Кампанелланың «Күн қаласы» шығармасындағы қиял-армандарымен байланыста қарастырады.

Асанқайғы, ең алдымен, жерді шаруашылыққа, соның ішінде малға, оның қай түлігіне пайдалы жағына қарай бағалап сипаттайды. Мәселен, Қарақұйын, Қашырлыны көргенде:

«Жылқының жалы менен құйрығы төгіліп тұрған жер екен. Бауырында бір жұтқыш айдаһары бар екен! Онан басқа жылқы үзілмейтұғын жер екен! – депті. – Бір зор теңіз бар, боран болса, оған киліккен жылқы қайда кеткенін жан білмейді десе, Ерейменге келгенде:

Жерден жеті есік бар Ерейменде,

Келіп ем көзге сырты ерейгенге.

Боларлық малға жайлы қоныс па деп,

Көрейін деп алыстан серейгенге.

Қыс болғанда, байыздап жылқы тұрмас,

Жылқы тұрса, биеде құлын тұрмас.

Ораздының жайлауы Шиырлының Қыстауы бұл бір өзі ерейген тас.

Екі жағын қыстаған ел малды болып,

Шарасы мұндағы елдің малға толмас... – деп бағалайды. Қарт сыншыға бірде жері ұнаса, елі ұнамайды, ал енді бірде елі ұнаса, жері ұнамайды. Ол жер-қонысқа сын айтқанда, жердің шөбі мен суына, малға жайлылығына ғана мән беріп қоймай, сол қоныстың адам мінез-құлқы мен болашақ өміріне тигізетін әсер-ықпалын да ескеріп отырады.

Асан ата Балқаш көліне келгенде: «Балығы тайдай тулаған, құстары қойдай шулаған несібелі көл екен. Кедейін аш қылмайтын, балығы азық болғанымен, суы ащы, іргесі шөлге тиіп тұр екен, бораны көп болар. Қамысы боранға қалқа, малға азық, қысы болмаса жазы қапырық, ордалы елге орын болмас», – деген екен.

Ал, Түндік өзенін көргенде: «Он екі қазылық Ой түндік, маңырап жатқан қой түндік. Қойдың құлағы тұтам шығып тұрған жер екен», – деп тастап кетуге қимай, артына үш қараған екен. Сонан таудың аты «Үш қара» атанған екен дейді халық. Асан жердің жайылымдық жағымен қатар малға қысқы аязда, күзгі суықта пана боларлық ықтасындық ерекшеліктеріне де мән берген.

Шу өзенін көргенде: Өзен екен айнала жері борбас, Жағасы қара қамыс, аң, жолбарыс, Пышағын қынабынан алып ет жемейтін Көжесі көп баланың іші қуырылмас. Жер екен бұл араға тұрып болмас, – депті. Жырда Қаратау, Шымкент, Сайрам, Жетіқоңыр, Қарақойын, Ереймен, Баян тауы, Семей тауы, Шыңғыс тауы, Қарқаралы т.б. жер-сулардан басқа Ертіс, Есіл, Түндік, Шу, Терісаққан, Нұра, Шідерті, Өлеңті т.б. өзендер мен таулар аталады, олардың әрқайсысына сын айтып, баға беріледі.

Міне, осынша жер-суларды, тау-тастарды, қалалар мен қыстақтарды

атап, олардың басбасына айтқан сындарына қарап, Асанқайғыны Шыңғыс хан мен Ақсақ Темір шапқыншыларының қанды жорықтарынан тарап, бытырап кеткен қазақ рулары мен ұлыстарын ежелгі ата мекеніне қайта бастап келген көшбасшы, қоныстандырушы, құлаған қазақ хандығын қайта қалпына келтірген Майқы бидің ісін ілгері бастырушы, дамытушы деп қарауға, бағалауға болады.

Бүгінгі таңда Орталық ғылыми кітапханамен М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының қолжазбалар қорында Асанқайғыға қатысты аңыздардың жиырмадан астам нұсқасы сақтаулы. Олардың арасында И. Өкпенев, Ә. Наурызбаев, М. Сарымсақов, С. Қыпшақбайұлы, З.Раев, М. Құсниев, С. Шәкіржанов, М.Ж. Көпеев, Қ. Жалмағанбетов, М. Ермағанбетов, М.Тілеужанов, М. Мәжікеев, І. Жалғасов, Б. Адамбаев т.б. айтуындағы және жинауындағы нұсқалар бар.

Аңыз-жырдың нұсқаларының көп болғанына қарамастан, оларда ортақ мотивтер мен ұқсас оқиғалар мен эпизодтар жиі кездесетіні, аңыз-жыр нұсқалары қанша өзгеріске ұшыраса да, оның бас кейіпкерінің бейнесі өзгермейтіні көрсетілген, яғни Асан Қайғы – ақылгөйлік пен қамқорлықты өн бойына тоғыстырған образ.

Ол – халықтың басына қиыншылық түскенде елге жөн сілтейтін, ханға кеңес беретін тұлға ретінде биік деңгейге көтерілген бейне екені дәлелденді. Асанқайғының «Жерұйықты» іздегені туралы аңыз-жырлар – қиындық пен қыспаққа, зорлық пен зобалаңға ұшыраған елдің азаттықты аңсаған, кең заманды көксеген ой-арманының бейнелік сипаттамасы болып келеді.

### **Өзін-өзі бақылауға арналған сұрақтар:**

1. Асан қайғы өмірі жайлы деректер
2. Асан қайғы мұрасының зерттелуі
3. Асан Қайғы толғауларының тақырыптық ерекшеліктері
4. Асан қайғының «Жерұйықты» іздеуінің философиялық мәні